

«Сейфуллин окулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 77-78

«ЖОЛДЫБАЙ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЙДЫҢ АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ ГЕЛЬМИНТТЕРІНІҢ ТҮР-ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ДАУАЛАУ

Туйғынова Л.

Жұмыстың өзектілігі. Қазақстан аумағында қойлардың ас қорыту жолдарының гельминттері өте кең таралған. Гельминтоздар қой арасында алдын алу шаралары уақытылы жүргізілмегенде жылдың кез келген мерзімінде байқалады. Отандық және шет елдік паразитолог-ғалымдары деректеріне қарағанда ас қорыту жолдары гельминттерінің түр-құрамы, таралу қарқыны мен оларға дәрі-дәрмектердің тиімділігі жөніндегі мәліметтер (бензимидазолдар тобының препараттары) көптеген ақпарат көздерінде келтірілген [1,2,3,4,5].

Алайда, Ақмола облысының солтүстік өңіріне қатысты жергілікті жердің климаттық ерекшеліктері ескеріле жүргізілген зерттеулерді кездестірмедік. Осыны ескере біз облыстың жоғарыда көрсетілген аумағында орналасқан «Жолдыбай» ауылдық округіндегі қой арасында тіркелетін ас қорыту гельминттерінің түр-құрамы мен олар тудырған ауруларына қарсы сауықтыру шараларын жүргізуді мақсат қойдық.

Зерттеулерді жүргізу барысында 403 бас қойдың нәжіс сынамалары қойлардың тік ішегінен алынып, факультеттің Н.Т. Кәдыров атындағы паразитологиялық зертханасында копрологиялық тәсілдердің (Фюллеборн, MsMaster әдісі, Берман-Орлов) көмегімен іске асырылды.

Фюллеборн әдісінде ас тұзының қанықтырылған ерітіндісі пайдаланылып, әкелінген әрбір нәжіс сынамаларының 3-5 г мөлшері 20 есе қанықтырылған ерітіндімен мұқият араластырылып, сүзгіден өткізіледі де, 25-30 минутке қалдырылады. Уақыт өтісімен ілмек көмегімен үстіңгі бетінен сынаманы іліп төсеніш шынының бетіне сілкен соң, жапқыш шынымен жауып, микроскоптың кіші үлкейтімінде зерттейді.

MsMaster әдісінде алынған 4 г нәжісті келішеге салып, келісаппен езген соң, үстінен 20 есе 36%-дық қанықтырылған ас тұзы ерітіндісімен мұқият араластырылады да, оны 100 мл колбаға сүзіп, үстіне тағы да 60 мл-ге жеткенше толықтырады. Кейіннен пипетка көмегімен сорып алынған сұйықтықты санақ камерасына құйып микроскоптың кіші үлкейтімінде қараймыз.

Қойларды гельминтоздардан сауықтыру және препараттардың экстенсивтіліктерін анықтау мақсатында антипаразитарлық препараттардың 4 түрін қолдана (альвет микрогрануласы, альвет суспензиясы, фенбендазол ұнтағы, ивермек) пайдаланылды. Нұсқаулыққа

сәйкес препараттар, соның ішінде альвет микрогранулалары 5мг/кг, фенбендазол (панакур) 7,5мг/кг (азыққа араластыра), альвет суспензиясы 5-7мг/кг (тікелей ауыздан) және ивермек (200мг/кг) тері астына қолданылды.

Зерттеу нәтижесі. Жолдыбай ауылы жеке меншігіндегі ұсақ қара малдардан тік ішек арқылы нәжіс алып оны факультеттің Н.Т. Кәдыров атындағы паразитологиялық зертханасында копрологиялық тәсілдермен (Фюллеборн, MsMaster әдісі, Берман-Орлов) зерттеу жүргізілді. Олардың нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

«Алтын таға» мал базарында бес қойдың жарып сою жұмыстарына қатысып нәтижесінде ұлтабарынан гемонхтар табылды.

Кесте 1 - Нәжіс сынамаларынан табылған гельминттер

Мал түрі, Жасы	М ал саны	Копрологиялық талдау,%				
		Nematodirus spp	Strongilydae spp.	Dicrocoelium lanceolatum	Strongiloides multipapulosa	ооциста
4 жасар қойлар	204	14,9	11,6	7,4	8,1	16,4
1 жасар тоқтылар	123	10,8	14,3	13,3	7,4	18,6
6 айлық қозылар	67	0	17,5	5,3	0	14,4
Қошқар	9	0	7,3	8,7	0	15,5

Қорытынды

1. Қорыта келе алынған нәжіс сынамаларынан табылған гельминттерге қарасам, күз және көктем мезгілдерінде дәрілеу жұмыстары жүргізілмейді.

2. «Алтын таға» мал базарында әрбір екінші сойылған қойдың ұлтабарынан гемонхтар табылды.

3. Бензимидазолдар тобының препараттарының тиімділігі өте зор және әсер етуі тез.

4. Қойларға тірі кезінде диагноз қоюдың ең оңай, әрі жылдам, әрі нақты қойылатын әдістердің бірегейі Фюллеборн мен MS Master болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ефремова Е. А., Удальцов Е.А. Гельминтозы овец Эдильбаевской породы в условиях Алтайского края / Москва -2019. -Б.216.
2. Кадыров Н.Т., Танраев А.Д. Химические препараты, применяемые при инвазионных болезнях сельскохозяйственных животных / Целиноград, 1985.-Б.29-32.
3. Гламаздин И.И., Архипов И.А., Халиков М.С., Халиков С.С., Чистяченко Ю.С., Душкин А.В. Эффективность новых лекарственных форм альбендазола при гельминтозах овец // Ветеринария. 2014.- №5.-Б. 35-37.
4. Глазьев Е.Н., Архипов И.А., Балышев А.В., Драгункина О.С., Зубарев В.Н. Эффективность препарата ритрил при гельминтозах мелкого рогатого скота // Ветеринария. 2015.-№10.-Б. 32-36.
5. Thomas R.J. Field studies on the sensanol incidences of *Nematodirus battus* and *Nematodirus fillcollis* in sheep // Parasitology. 1959.-№3-4.-S.49.